

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Герасимовка ауылының аумағында сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйесін жобалау үшін Уланка өзенінің, Уланка өзенінің сол жағалау сағасының (оң жағалау) және суару каналының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 369 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда № 5707 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Герасимовка ауылының аумағында сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйесін жобалау үшін Уланка өзенінің, Уланка өзенінің сол жағалау сағасының (оң жағалау) және суару каналының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Герасимовка ауылының аумағында сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйесін жобалау үшін Уланка өзенінің, Уланка өзенінің сол жағалау сағасының (оң жағалау) және суару каналының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының

әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және корғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

К. Баймагамбетов

2018 жылғы "04" желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы

Қоғамдық денсаулық сақтау

департаментінің басшысы

Ғ. Сүлейменов

2018 жылғы "04" желтоқсан

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің 2018 жылғы
"14" желтоқсандағы № 369
қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Герасимовка ауылының аумағында
сүмен жабдықтау және электрмен жабдықтау жүйесін жобалау үшін Уланка
өзенінің, Уланка өзенінің сол жағалау сағасының (оң жағалау) және суару
каналының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

С у оның участкесі	о бъектісі ,	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
		Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7	
Уланка өзені (оң жақ жағалау) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде	11,3	311,1	225-1060	11,9	20,7	35-65	
Суару каналы (сол жағалау) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде				8,3	13,4	35	
Уланка өзені (сол жағалау) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде	2,4	27,3	500	1,4	2,4	35	
Сол жағалау ағыны Уланка өзені (оң жақ жағалау) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде				1,3	2,1	35	
Суару каналы (оң жақ жағалау) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде	5,8	116,6	500	6,8	12,5	35	

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.